



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 2 қыркүйек

### 2019 жылғы 23 тамыз – 30 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

29 тамыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,3%-ға нығайып (386,34-тен), бір АҚШ доллары үшін 387,46 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 23 тамыз 30 тамыз аралығындағы кезеңде ҚХР вице-премьері Лю Хэнің Қытайдың сауда-саттық соғыстың ушығуына мүлдем қарсы екені, сауда-саттық қарама-қайшылықтарды жою үшін АҚШ-пен консультацияларды жалғастыруға әзір екені туралы мәлімдеуі, АҚШ Президентінің ҚХР-дың келіссөздерді қайта жалғастыру әзірлігіне оң баға беруі, АҚШ Қаржы министрі С.Мнучиннің АҚШ әлі валюталық өктемдіктер жасауға ниетті еместігі (Д.Трамп негізгі сауда-саттық әріптестердің валюталарына қатысты АҚШ долларының нығаюына жиі наразылық білдіреді), Ұлыбритания королевасының парламентарилердің жұмысын бес аптаға тоқтата тұру туралы Б.Джонсонның жоспарын мақұлдауы.

Аталған факторлар дамыған елдер валютасымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамының нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **үнді рупиясы** Үндістанның Резервтік Банкі (\$24,4 млрд.) мөлшердегі «капиталдың артық қалуын» Үкіметке беруді мақұлдауы аясында 0,4%-ға (71,67-ден 71,41-ге дейін) нығайды, бұл бюджет дефицитін азайтуға ықпал етеді және жаңа ынталандыру шараларына қаражат ұсынатын болады;

- **Оңтүстік Африка ранды** АҚШ-пен сауда-саттық қақтығыстың төңірегіндегі шиеленісті біраз төмендеткен ҚХР өкілінің мәлімдеулеріне байланысты тәуекел-сентименттің жақсаруы аясында 0,3%-ға (15,25-тен 15,2-ге дейін) нығайды;

- **Индонезия рупиясы** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық келіссөздерді қайта жаңарту бойынша инвесторлардың күтулерінің өсуі аясында 0,1%-ға (14 215-тен 14 198-ге дейін) нығайды;

- **Мексика песосы** ХВҚ алдындағы Аргентина қарызды өтеу мерзімдерін қайта қарау жағдайының сақталуы аясында 0,7%-ға (19,92-ден 20,06-ға дейін) әлсіреді.

- **Бразилия реалы** Аргентинадағы экономикалық дағдарыстың және ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық шиеленістің тез арада шешілу ықтималдығының болмауы аясында 0,7%-ға (4,12-ден 4,15-ке дейін) әлсіреді;

- **Ресей рублі** бір аптада мұнай бағасының баяу өсуіне қарамастан, салық төлемдерінің ең жоғары болуы кезеңінің аяқталуы аясында 1%-ға (66,05-тен 66,72-ге дейін) әлсіреді;

- **түрік лирасы** елдің негізгі импорттаушысы – Германия экономикасының өсуінің баялауы, сондай-ақ АҚШ Өкілдері Палатасы Комитетінің Трамптан С-400 сатып алу бойынша РФ-



---

<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

мен мәміле үшін Түркияға санкциялар талап етуі туралы хабарлардың аясында 1,2%-ға (5,76-дан 5,83-ке дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 16 тамыз = 100,  
индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 3 302 452 (1452, 5556)  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)